



**PAMUKKALE ÜNİVERSİTESİ
SOSYAL BİLİMLER ENSTİTÜSÜ
ÇAĞDAŞ TÜRK LEHÇELERİ VE
EDEBİYATLARI ANABİLİM DALI
TARİHİ VE GÜNÜMÜZ TÜRK
LEHÇELERİ VE EDEBİYATLARI
DOKTORA PROGRAMI**



**Koylibayeva Ravşan Kuvanişevna'nın "8D02314" Dilbilim Doktoru (PhD)
derecesini almak için sunduğu "Kazak Aile Söyleminin Dilbilimsel ve
Değerlerle Bağlantılı Yönleri" konulu tezi hakkında
BİLİMSEL DANIŞMANIN FİKRİ**

Bir bireyin hayatının hangi dönemini ele alırsak alalım, aile konusu bunun içinde daha özeldir. Ailenin değerler sistemi içinde ele alınması hiçbir zaman kıymetini yitirmeyen, bireyin hayatında olduğu kadar toplum hayatında da önemli bir konu olarak ele alınmaktadır. Özellikle son dönemlerde yeni yeni oluşmaya başlayan toplum yapısı içerisinde genç neslin zihninde değerler sisteminin yerleştirilmesi ve geleneksel olarak devamının sağlanması daha da önemli bir konu olarak önümüzde durmaktadır. Aile toplumun en küçük yapı taşı olarak ele alınsa da, o toplumun temelini ve dolaylı şekilde olsa da devletin temelini oluşturan bir temel taşıdır. Bu konuda bazı sorunların olduğunu söylemek hata olmayacaktır.

Bu tezde konunun ilgi düzeyi açıkça belirtilmekte, tezde ortaya atılan konuların gerçek çözümünde hedefe alınan amaç ve hedefleri, bu çözümler sonucunda elde edilen bilimsel yenilikler, savunma için önerilen işi halletme yolları açıkça gösterilmiştir. Tezde ele alınan konu, incelenmesi ve ilgi çekmesi açısından da, ilgi düzeyi, teorik olarak öne sürülen ilkelerin okuyanı ve inceleyeni ikna ediciliği bakımından da, bu teorik olarak ele alınan kavramların pratik örneklerle sunulup somutlaştırılması açısından da okuyucu ve araştırmacıların konuya olan ilgisini artırmakta ve güçlendirmektedir. Bu tezde ele aldığımız konu, Kazak dilbilimi alanında ilk defa incelenmekte ve işlenmektedir. Tezi önemli kılan noktalardan biri de budur. Ayrıca Kazak ailesi ile ilgili söylemlerin milli değerlerle bağlantılı olarak incelenmesi tezi bir kat daha değerli kılmaktadır. Aile söylemi araştırmacı tarafından tanımlanmakta ve aile söyleminin ayırt edici özellikleri belirtilmektedir. Kazak toplumunda aile söyleminin değerler felsefesi ile ilgili görünümünü karakterize eden ve değerleri temel alan dille ilgili araçlar da tespit edilmiştir.

Kazak aile söylemini ele alan tez, dilbilimsel açıdan bir örneklem oluşturarak sunmakta, milli rengi kaybetmemenin yanında yeni kurulan toplum yapısının içinde yaşayan bireylere toplum bilinci içinde aile değerlerinin önemini yeniden canlandırmak için çeşitli dil birimleri aracılığıyla argümanlar sunmaktadır.

Yazar, aile söylemini içeren değerler felsefesinin dil birliklerine yüklenmesini çeşitli örneklerle göstererek, aile söyleminin değerler felsefesine ve sistemine sahip "Baba", "Anne", "Çocuk" gibi anahtar kavramlarını bilişsel düzeyde sistematik olarak analiz eder ve dilbilimsel olarak aile söyleminin değerler felsefesini doğasını da göstererek ulusal bilinçte oluşan değerler felsefesi modelini sistemleştirir.

Kazak ailesinin ana göstergelerini dikkate alan yazar, kendi adına Kazak ailesinin söylem, dil ve değerler felsefesine dair bir modeli önermektedir.

Koylibayeva Ravşan Kuvanişevna'nın tarafıma gösterdiği tez nüshasından anladığım kadarıyla doktora tezi tamamlanmıştır. İnceleme yöntemleri, malzemenin tespiti ve değerlendirilmesi konularının da işlendiği tez, bana göre, bugünkü toplumdaki zamanın dar olması aile söyleminin mevcut durumu ve aile değerlerini tanımlayan geniş kapsamlı bir çalışma olarak görülmelidir. Bu tezin sonuçlarının modern toplumda zaman yetersizliğinden kaynaklanan temel sorunlardan biri olduğunu, yani ailenin yaşaya bilirliliğini etkileyebilecek bir konu olduğunu düşünüyorum. Yazarın eserde öne sürdüğü yeni "aile dayanıklılığı" kavramı, modern toplumda güncel aile sorunlarına uygun olarak türetilmiş bir kavramdır.

Tez toplamda dört ana bölüm olarak görünmektedir. Başlangıçta "Anıktamalar" ve "Kirispe" yer almaktadır. Birinci bölümde "otbası diskursın lingvoaksiyolojiyalık turğıdan anıktav" ele alınmakta, bu bölümde dilbilimdeki söylem ve müzakere araştırmalarının şartları, aile söyleminin ele alınışı, dilbilim araştırmalarında değerler kavramı, aile söyleminin harekete dayalı dilbilim temelleri hakkında bilgiler verilmekte, değerlendirmeler yapılmaktadır.

İkinci bölümde ise aile söyleminin dildeki tasvir etme konusundaki farklılıkları ele alınmaktadır. Sonrasında "Özet" ve faydalanılan eserlerin bibliyografyası yer almaktadır.

Günümüzün modern dünyasında boşanmanın önlenmesi ve ailedeki değerlerin önemli bir parçasının sürekliliğini koruması ancak ailede istikrarın sağlanmasıyla mümkündür.

Bilimsel açıdan tezde yeni bilgilere de yer verilmektedir. Aile söyleminin dilbilimsel yönü araştırılması ve yorumlanması gereken bir konudur. Bu çalışma, doktora adayının dili iyi kullanımı yanında konuya hakimiyetini, tezle ilgili yaptığı hazırlıkları göstermesi yanında mantıki sıralanışı açısından da gerekli olgunluğa ulaşmıştır. Bu yeterlilik tezin kabul edilmesinin de bir sebebidir.

Tezde araştırmada ele alınan ana konu ile ilgili belirlemeler, Kazak sözlü edebiyatı, deyimlerle ilgili sözlük, kavramlar ve adlandırmalarla ilgili sistem tespit edilerek materyal olarak kullanılmıştır. Özellikle Muhtar Avezov'un destani roman "Abay Yolu"nun birinci ve ikinci kitapları, B. Momışulı'nın "Uşkan Uya/Uçan Yuva" romanından tespit edilen örnekler, milli değerlerin o dönemlerdeki şeklini tespit etmesi yanında modern doğasını da yansıtmak için değerli bir malzeme olmuş ve karşılaştırma yapmak için de kullanılmıştır.

Tezde incelenen araştırma konusu, hem dilbilim ve alanları ile iç içedir hem halk pedagojisi, psikodilbilim, dil ve kültürel çalışmalar gibi bilimlerle disiplinler arası bir ilişki içinde ele alınmış ve incelenmiştir.

Tezdeki konuların değerlendirilmesinden elde edilen sonuçların dilbilimdeki bilişsel araştırmaların teorik temellerini tamamlamaya katkı sağlayacağı açıktır, demek hata olmayacaktır. Bu çalışma, Kazak dilinde söylem kavramının teorik temellerinin geliştirilmesi ve aile söylemi kavramının incelenmesi konusundaki ilk çalışma olması açısından da önem taşımaktadır.

Tezde formüleleştirilen sonuçların kesin bilgi ve değerlendirmelere dayandığı tezin içeriğinde de görülmektedir. Çalışmada bilimsel çıkarımları ve sonuçlar yanında bilim insanlarının son yıllarda yayınlanan bilimsel görüşleri de temel teşkil etmekte ve araştırmacının

kendi deęerlendirmeleri ve ıkarımlarıyla zetlenmektedir. Tezde, arařtırma konusu ile doęrudan ilgili yerli ve yabancı bilim adamlarının eserlerinden yararlanılmıřtır.

Tezin amaları ve teorik temeli aık aık anlatılmıřtır. Arařtırmadaki metodolojik temel doęru olarak belirlenmiř, seilen ve kullanılan arařtırma yntemleri doęru olduęu iin sonuların tutarlı olmasında etkili olmuřtur. Tezde gerekli olan yerlerde doęrudan ilgili olarak kullanılan literatr ve kaynaklar, bunlara doęru atıfta bulunulması ve yazarın konuyla ilgili makalelerinin yayınlanması, esere zgn karakterini kazandırmaktadır.

Tezde elde edilen sonular birbiriyle iliřkilidir ve tek bir hedefe ynelmiřtir. Tezin blmleri arasındaki fikirler birbiriyle iliřkili ve baęlantılıdır. Kazak aile sylemi dilbilimsel aıdan teorik ve sistematik bir řekilde ele alınıp incelenmiř, derinlemesine deęerlendirilmiřtir.

Genel olarak da ele alındığında tezde her ilmi deęerlendirme ve sonu birbiriyle yakından iliřkili ve i iedir. Tezin blmleri de blmler arasındaki baęlantıları da sistematik řekilde sıralanmıřtır.

Koylibayeva Ravřan Kuvaniřevna'nın "Kazak aile syleminin dilbilimsel ynleri" konusunu iřleyen doktora tezi, tezde belirlenen kriterlere uygun olarak yapılmıř, "olduęca iyi" bir sonuca ulařılmıřtır.

Yabancı Bilimsel Danıřman:
Pamukkale niversitesi, Fen Edebiyat Fakltesi
aędař Trk Leheleri ve Edebiyatları
Blm Profesr, Denizli, Trkiye.

Prof. Dr. Nergis BIRAY
Nergis Biray
(Нергис Бирай)
Trk Leheleri ve Edebiyatları
Blm Profesr

**ПАМУККАЛЕ УНИВЕРСИТЕТИ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТИ ҚАЗІРГІ ТҮРІК
ДИАЛЕКТИЛЕРІ МЕН ӘДЕБИЕТИ КАФЕДРАСЫНЫҢ ДОКТОРЛЫҚ
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Койлыбаева Раушан Қуанышқызының «8D02314» - Лингвистика білім беру
бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындалған
диссертациялық жұмысына

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Қай кезеңді алсақта отбасы мәселесі, соның ішінде отбасылық құндылықтар тақырыбы ешқашан өзінің өзектілігін жоймайтын жеке адам өміріндегі және толықтай қоғамға өзгеріс әкелетін маңызды тақырып. Әсіресе, қазіргі жаңа қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты халықтың ұлттық құндылықтарын, жас ұрпақ санасында жандандыру өте маңызды. Кішігірім мемлекет болып саналатын отбасылық ахуал туралы айтқанда отбасыдан бастау алып, әрі қарай мемлекеттік деңгейге жетіп отырған түрлі мәселелер көзге түседі.

Зерттеу жұмысында тақырыптың өзектілігі дәлелді баяндалып, диссертацияда көтерілген мәселелерді нақты шешуде алға қойылған мақсат-міндеттері, оларды шешу нәтижесінде алынған ғылыми жаңалықтар, қорғауға ұсынылып отырған тұжырымдар анық көрсетілген. Тақырып өзінің өзектілігімен, теориялық қағидаларының нанымдылығымен, теориялық ұғымдардың практикалық мысалдармен ұштаса отырып берілуімен, оқырмандардың тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттырады. Біздің түсінігіміз бойынша, докторлық диссертацияның маңыздылығы «отбасы дискурсы» тақырыбының алғаш рет қазақ тілінде көрініс табуы және қазақ отбасындағы дискурстың ұлттық құндылықтармен байланыстырыла отырып зерделенуі болып отыр. Отбасы дискурсына зерттеуші тарапынан анықтама беріліп, отбасы дискурсына тән айырықша белгілер көрсетілген. Отбасы дискурсының қазақ қоғамына тән аксиологиялық бейнесін сипаттайтын құндылық негізді тілдік құралдар айқындалған.

Диссертациялық жұмыста қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектідегі моделі ұсынылып, ұлттық колоритті жоғалтпау мақсатында отбасылық құндылықтардың маңыздылығын жаңа қоғам санасында жандандыру үшін түрлі тілдік бірліктер арқылы дәйектемелер берілген.

Автор отбасы дискурсының аксиологиялық сипатының тілдік бірліктерде берілуін түрлі мысалдармен көрсете отырып, отбасы

дискурсындағы құндылық мәнге ие «Әке», «Ана», «Бала» сияқты, басты концептілерге когнитивтік деңгейде талдау жасап, ұлттық санада қалыптасқан аксиологиялық моделін жүйелеген. Қазақ отбасының басты көрсеткіштерін есепке ала отырып, автор өз тарапынан қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін ұсынған.

Койлыбаева Раушан Қуанышқызының докторлық (PhD) диссертациясы толыққанды жазылған. Сауалнама жүргізе отырып, яғни өзіндік эмпирикалық талдау жасай отырып жазылған, отбасы дискурсы мен отбасылық құндылықтардың қазіргі тұсын сипаттай отырып жазылған толыққанды жұмыс деп бағалаймын. Бұл диссертациялық жұмыстың қорытынды мәліметтері қазіргі қоғамдағы уақыт тапшылығына сәйкес ақсап тұрған негізгі мәселенің бірі, яғни отбасының өміршеңдігіне әсер ете алатын тиімді тақырып деп бағалаймын. Автордың жұмыста ұсынып отырған «отбасылық ресайленс» деген жаңа ұғымы, қазіргі қоғамда болып жатқан отбасылық мәселелерге сәйкес дәл алынған ұғым. Қазіргі заманғы белең алып кеткен ажырасу мәселесін болдырмаудың негізгі алғышарты, әрі отбасылық құндылықтардың маңызды бөлігі – отбасындағы тұрақтылықты сақтау. Ғылыми тұрғыда, диссертациялық жұмыста жаңа мәліметтер алынған, отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Ұсынылып отырған зерттеу жұмысы автордың жоғары лингвистикалық дайындығын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ, жұмысты логикалық тұрғыдан сауатты жазылған деп есептеуге болады.

Диссертациялық жұмыста отбасылық құндылықты насихаттайтын қазақтың халық ауыз әдебиеті, фразеологиялық сөздік, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі зерттеу материалдары ретінде пайдаланылған. Соның ішінде, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші және екінші кітабы, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романынан алынған мысалдар ұлттық құндылықтардың сол кездердегі сипаты мен қазіргі сипатын бейнелеуде ұтымды таңдалынған жұмыстар болып отыр.

Зерттеу нысанына алынған тақырып бір жағынан лингвистика ғылымының салаларымен іштей тығыз астасып жатса, екінші жағынан, жұмыс халық педагогикасы, психолінгвистика, лингвомәдениеттану сынды ғылымдармен өзара пәнаралық байланыста жазылған.

Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары тіл біліміндегі когнитивтік бағыттағы зерттеулердің теориялық негіздерін толықтыра түсуге үлес қосары анық. Аталмыш жұмыс, дискурс ұғымының теориялық негіздемелерін дамытуға және отбасы дискурсы ұғымының қазақ тілінде зерттелуіне бастау болып отыр.

Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған нәтижелер мен қорытындылардың айқындылығын диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Жұмыста ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер соңғы жылдарда жарық көрген ғалымдардың ғылыми көзқарастарын басшылыққа алып, зерттеушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған. Зерттеу мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми бағыттағы тақырыпқа тікелей қатысы бар еңбектері пайдаланылған.

Зерттеудің мақсат-міндеттері мен теориялық негізі айқын. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі дұрыс таңдалған және соған орай пайдаланылған зерттеу әдістері нақты әрі дәйекті нәтижелер алуға негіз болған. Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттерге және дереккөздерге дұрыс сілтеме берілуі және тақырып бойынша автордың мақалаларының басылып шығуы, жұмысқа өзіндік түпнұсқалық сипат береді.

Зерттеу жұмысында келтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра отырып дәйектелген. Әр тараудағы ой-тұжырымдар бірін-бірі толықтыра түскен, соның нәтижесінде қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негізі теориялық тұрғыдан жүйелі талданып, тиянақты зерттелген.

Жалпы, диссертацияда әрбір ғылыми нәтиже мен түйін-қорытынды өзара тығыз байланысты, бірінен-бірі өрбіп отырады. Жұмыстың әр тарауы мен оның бөлімдеріндегі жүйелі түзілген түйіндер бір-бірімен сабақтасып жатыр.

Койлыбаева Раушан Қуанышқызының «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбына арналған докторлық диссертациясы қойылатын талаптарға сай орындалған және «өте жақсы» деген бағаға лайық.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Түркия мемлекеті, Денизли
қаласы, Памуккале
университетінің Ғылыми әдебиет
және лексикология факультетінің
профессоры:

Нергис Бирай
(Nergis BIRAY)

Prof. Dr. Nergis BIRAY
Pamukkale Üniversitesi
Fen-Edebiyat Fakültesi
Çağdaş Türk Lehçeleri ve
Edebiyatları Bölümü
Bölüm Başkanı

Түрік тілінен қазақ тіліне жоғарыдағы құжатты маған таныс аудармашы **Токсеитова Айдана Ерғалиқызы**, 20.09.1991 жылы туылған, ЖСН 910920402044, аударды.

Қолы: Токсеитова Айдана Ерғалиқызы

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы.

Жетінші шілде екі мың жиырма үшінші жыл.

Мен, Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінің Халыққа құқықтық көмек және заңгерлік қызмет көрсетуді ұйымдастыру комитеті 15.06.2005 жылы берілген № 0000087 мемлекеттік лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласының, нотариусы Сандыбеков Айбек Жынысбекович, **Токсеитова Айдана Ерғалиқызы** маған таныс аудармашының қолының түп нұсқасын куәландырдым, менің қатысуыммен қолын қойды. Тараптың жеке басы анықталды, оның әрекет қабілеті тексерілді.



№ 512 реестірде тіркелді
ҚР СК 611 бабына сәйкес және
ҚР «Нотариат туралы» Заңы
30-1 бабына сәйкес өндірілді
Нотариус



ET3307117230707150407X198696

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия

Прошнуровано и пронумеровано
на _____ страницах
Нотариус _____

